

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
СТУДЕНТТЕР ҮЙІ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда, 2025 жыл

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТТЕР ҮЙІНІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

I. Студенттер Үйіндегі тәртіптің реттелуі:

1. Студенттер Үйіне орналасу кезінде студент рұқсатнама қағазын алады, төсек қажеттіліктерімен қамтамасыз етіледі де, пайдалану барысында бөлмедегі әр студент материалдық жағынан жауапты болады.
2. Студенттер Үйі сағат таңғы 07.00-де ашылады және жазғы уақытта сағат 22.00-де, қысқы уақытта 21.00-де жабылады.
3. Студенттер Үйіндегі мәдени немесе басқа да іс-шараларды әлеуметтік-мәдени дам жөніндегі проректор, жатақхана коменданты келісімімен жатақхана тәрбиешісі және топ эдвайзерлері өткізеді.
4. Ректор бекітуімен оқытушылардың кезекшілік кестесі құрылады.
5. Кезекшілік уақыты 20.00-22.00 аралығында күн сайын жүргізіліп отырады.
6. Мереке күндері күшейтілген кезекшілік кестесі құрылады.
7. Тазалық кестелерін қабат старосталары Студенттік деканмен бірге жасайды және жатақхана комендантымен келісіледі.
8. Студенттердің бөлмелерін түнгі уақытта тексеру Студенттер Үйінде тұрып жатқан тұлғалар тарапынан тәртіп бұзушылық орын алғанда немесе басқа да заңға қайшы әрекеттер болған жағдайда рұқсат етіледі.

II. Студенттер Үйіне кіру және шығу тәртібі

1. Студенттер Үйіне орналасу үшін студенттер медициналық байқаудан өтеді.
2. Орналасқаннан кейін тұрғын ішкі ережелермен, келісім-шарттармен, барлық ережелермен танысып, қол қояды.
3. Студенттер Үйіне орналасушы тұрғын электрқұралдарын, тұрмыстық техникаларды пайдалану және өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстырылады және техника қауіпсіздік ережесі журналына тіркеледі. Қауіпсіздік ережелерімен және тұру нормаларын комендант таныстырады.
4. Студенттер Үйінің тұрғындары әкімшіліктің немесе қызметкерлердің шешімінсіз бөлмеден екінші бөлмеге ауыспайды.
5. Тұрғындар тұру тәртібін бұзу, лайықсыз тәртіп фактілерін жасаған жағдайда шартта алдын-ала қарастырылған тәртіпте Студенттер Үйінен шығарылады.

III. Студенттер Үйі тұрғындары құқылы:

1. Студенттер Үйінің жүйеленген тұру тәртібін орындауға;
2. жатақханадағы дүние-мүлікті, құрал-жабдықтарды, оқу және мәдени-тұрмыс орындарын (оқу залы, компьютер сыныбы, демалыс бөлмесі) пайдалануға;
3. бөлмені ұқыпты жағдайда, үлгілі санитарлық қалыпта ұстауға;
4. жатақхананың Студенттік деканын сайлауға және өзін ұсынуға;
5. Студенттер Үйінде өтетін қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға, белсенді қатысуға;
6. тұрмыстық жағдайларды жақсарту мақсатында бөлмеге косметикалық жөндеулер жасауға;
7. жөндеу жұмыстарын талап етуге немесе жиһаздардың және басқа да дүние-мүліктердің ауыстырылуын, сондай-ақ тұрмыстық қажеттіліктердің кемшіліктерін жоюды талап етуге;

8. әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, жатақхана коменданты мен Студенттік деканның рұқсатымен түнгі 23-00-ге дейін мерекелік кештерді (би кештері, өнер сайыстары, жиналыстар және т.б.) өткізуге **құқылы**.

IV. Студенттер Үйінің тұрғыны міндетті:

1. Студенттер Үйінің ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға;
2. Жатақхананың «Ішкі тәртіп ережесін», «Өрт қауіпсіздігі ережесін», «Электр құралдарын пайдалану ережесін», «Санитарлық-гигиеналық ережені», «Қауіпсіздік техникасы нұсқаулығын» қатаң сақтауға;
3. жатақханаға кіретін кезде күзетшінің ескертуінсіз турникет карточкасын пайдалануға;
4. жатақхана меншігін сақтауға, жатақхана маңындағы жасыл желекті жұлмауға, аймақты таза ұстауға, жылуды, электр қуатын және суды үнемдеп пайдалануға;
5. бөлмеден шығар кезде терезелерді, есіктерді жауып, электр құралдары мен жарықты сөндіруге;
6. бөлмені және жалпы пайдалану орындарын таза ұстауға, сабаққа кетер кезде бөлмелерде күнделікті тазалау, реттеу жұмыстарын жүргізуге;
7. жатақхана күзетшісіне бөлменің қосалқы кілтін тапсыруға;
8. «Ішкі тәртіп ережелеріне» сәйкес өз тарапынан келтірілген материалдық шығынды өтеуге;
9. бөлмелердің және жалпы пайдалану орындарының жағдайын тексеріп келген оқу орны қызметкерлеріне қарсылық тудырмауға;
10. жатақхана ішіндегі көршілермен татулықта болуға, бірін-бірі сыйлауға, бір-біріне жол беруге міндетті.
11. электр қуатын, суды үнемдеуге;
12. кезекшілік кестесіне сәйкес күн сайын жатақхананың тұрғынжайларын жинауға, өз бөлмесін санитарлық-гигиеналық талаптарға сай таза ұстауға;
13. өзінің жеке мүлкін сақтауға;
14. Студенттер Үйінен ұзақ мерзімге кету кезінде (ауырып қалу, демалыс, тәжірибеден өту) әкімшілікке, топ эдвайзеріне ескертіп, белгілену дәптеріне жазба қалдыруға;
15. Студенттер Үйіне кіру-шығу кезінде StudDom платформасының турникетін пайдалануға;
16. Күнделікті 20.00-22.00 аралығында кезекшіге белгіленуге;
17. 22.00-ге дейін Студенттер Үйінде болуға **міндетті**.

V. Студенттер Үйінің тұрғындарына тыйым салынады:

1. Студенттер Үйінің тізімінде жоқ бөтен кісілерді кіргізуге, қондыруға;
2. Студенттер Үйінің ішінде, аумағында алкоголь, наша өнімдерін пайдалануға, сақтауға;
3. Студенттер Үйінің ішінде, аумағында шылым, электрондық сигарета, вейп шегуге;
4. Студенттер Үйінің ішінде, аумағында синтетикалық есірткі құралдарын қолдануға, сақтауға;
5. Студенттер Үйінің ішінде, аумағында уытты заттарды пайдалануға (желім иіскеуге, насыбай атуға т.б.);

6. Студенттер Үйіне кесетін, түйрейтін, жарылғыш-қопарғыш заттарды, газ баллондарын және оқпен атылатын қаруларды әкелуге;
7. бөлмеде ит, мысықтарды және тағы басқа жануарларды ұстауға;
8. терезеден қоқыс лақтыруға;
9. тұрғындар мен қызметкерлерді бопсалау, қатігездік көрсетуге, келемеждеуге;
10. тұрғындар арасында жанжал шығаруға, буллинг жасауға: жәбірлеуге, қудалауға, қорқытуға;
11. 22.00-ден 08.00-ге дейін ән салуға, радио, теледидарды, музыканы қатты қосуға және тұрғындар демалысына бөгет жасауға;
12. өзге тұрғындардың тұтынатын киімдерін, заттарын, құралдарын рұқсатсыз алуға, пайдалануға;
13. әкімшіліктің рұқсатынсыз би кешін ұйымдастыруға;
14. өз қалауымен бөлмелердің кілттерін ауыстыруға;
15. тұрғын емес жайларға өз бетімен кіруге;
16. ер балаларға қыз балалар бөлмесіне кіруге, қонуға;
17. жатақханадан тыс жерге қонуға **тыйым салынады.**

ҮІ. Алғыстар мен сөгістер:

1. Студенттер Үйінің ішкі ержелерін сақтап, мәдени шараларға қатысып, қоғамдық өмірдің белсенді өтуіне белсенді қатысса, әкімшілік өзіне және ата-анасына алғыс жариялайды.

ҮІІ. Белгіленген тәртіптерді бұзғаны үшін мынадай жазалар қолданады:

- ескерту;
- сөгіс;
- Студенттер Үйінен шығару.

ҮІІІ. Студенттер Үйінен білім алушы келесі негізде шығарылады:

1. Тұрғанына байланысты уақытылы төлемақысын төлемегені үшін;
2. университеттің ішкі тәртіп Ережелерін бірнеше рет өрескел бұзған жағдайда;
3. медициналық анықтамасы негізінде денсаулығына байланысты;
4. өз еркімен;
5. бөгде адамдарды Студенттер Үйіне себепсіз кіргізгені үшін;
6. ұлттық және жалпы адамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарға құрметпен қарамағанда;
7. Студенттер Үйінің ішінде және сыртында тазалық сақтамаған жағдайда;
8. Студенттер Үйіне кесетін, түйрейтін, жарылғыш-қопарғыш заттарды, газ баллондарын және оқпен атылатын қаруларды әкелгені үшін;
9. өрт қауіпсіздігі ережесін сақтамағаны үшін;
10. Студенттер Үйінің жеке мүлкіне (шкафтар, көрнекі құралдар, кітаптар, құрал-жабдықтар) ұқыпсыз қарағаны үшін;
11. StudDom платформасының турникетін пайдаланбағаны үшін.

Ғылыми кеңес отырысында қаралып, бекітілді.

№ 1 хаттама «29» тамаз 2025 жыл